

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Жыл басынан бері қазақстандықтар БЖЗК-ға 523 миллиард теңгеден астам қаржы аударды

#### *1 мамырдағы БЖЗК негізгі көрсеткіштері*

2022 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында **13,0 трлн теңгедей** зейнетақы жинақтары қалыптасты. 01.05.2021ж. мен 01.05.2022ж. аралығындағы бір жыл ішінде бұл қаражат **356,9 млрд теңгеге** немесе **2,8%** ұлғайды. Жинақтар өсімі жарналар мен инвестициялық табыс түріндегі кіріс ағындарын, сондай-ақ, зейнетақы төлемдері түріндегі шығыс ағындарын, оның ішінде тұрғын үй мен емделуге арналған біржолғы төлемдерді ескере отырып есептелді.

Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен **12,6 трлн теңгені** (соңғы 12 айда өсім 2,4%) құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары **377,4 млрд теңге** (өсім 18,2%), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы көлемі шамамен **1,8 млрд теңге**.

Айта кетерлік жәйт, кіріс ағындары, атап айтқанда, жарналар биыл көбейді. 2022 жылдың төрт айында салымшылардың шоттарына шамамен **523,5 млрд теңге** көлемінде зейнетақы жарналары түсті, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 27% немесе **110,7 млрд теңгеге** асып түсті. Өсім жарналардың барлық түрі бойынша болғанын атап өту керек. Жарналардың жалпы көлемінің **95,1%** БЖЗК-ға МЗЖ бойынша түсімдер құрайды – **497,7 млрд теңге** (соңғы 12 айдағы өсім 26%), МКЗЖ бойынша **25,4 млрд теңге** (өсім 37%) түсті, ЕЗЖ бойынша **400 млн теңге** (өсім 85%) аударылды.

Салымшылардың жарналарынан басқа, зейнетақы жинақтарының өсімі таза инвестициялық табыстың арқасында қамтамасыз етілді. 2022 жылдың 1 қаңтары мен 1 мамыры аралығында бұл көрсеткіш **128,7 млрд теңге** болды.

2022 жылдың 1 мамырына қарай, БЖЗК-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 11,7 млн бірлікке жетті. Шоттардың ең көп үлесі міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ашылды – **10 870 075 бірлік**. Одан әрі МКЗЖ-нан қалыптасқан шоттар бір жылда 8,4% ұлғайып, **565 802 бірлікке** жетті, ал БЖЗК-дағы ЕЗЖ есебінен қалыптасқан шоттар саны 60% көбейіп, **69 188 бірлік** болды.

Жыл басынан бері БЖЗК өз салымшыларына **921,4 млрд теңге** төледі, оның басым бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және емдеу мақсаттарына арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрайды – **831,7 млрд теңге**. Жасына байланысты төлемдер – **37,0 млрд теңге**, мұрагерлік бойынша төлемдер – **23,4 млрд теңге**, ҚР шегінен тыс ТТЖ кетуге байланысты төлемдер – **16,9 млрд теңге**, сақтандыру ұйымдарына аударымдар шамамен **9,7 млрд теңге**, жерлеуге арналған төлемдер – **1,9 млрд теңге** және мүгедектік бойынша төлемдер – **0,8 млрд теңге**.

Атап кету керек, БЖЗК-дан кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем (зейнет жасына толуына байланысты) **29 360 теңге**, ал ай сайынғы ең жоғары төлем **707 326 теңге** болды.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*

